

Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (MMWG) 6-шы отырысының хаттамасы

2020 жылғы 23 қаңтар, Алматы

2020 жылғы 23 қаңтарда Алматыда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (ҚҚБ), Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) 6-шы отырысы өтті.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мына мәселелер талқыланды:

- I. ҚҚБ-дан TONIA индекcін есептеу әдіснамасына келісілген өзгерістерді іске асыру жөніндегі жаңартылған ақпарат**
 1. TONIA-ны транзакция көлемі бойынша сараланған орталық 90%-ы негізінде қысқартылған орташа мән ретінде есептейтін жаңа әдістеме туралы келісімге сәйкес, егер транзакциялардың жалпы көлемі 100 млрд теңгеден кем болса, ҚҚБ нұсқа ретінде TONIA орташа спредін алдыңғы бес күннен үш күнге өзгертуді қарастырады.
 2. 2020 жылғы 30 наурызға қарай жаңа сауда жүйесін және неттингі бар жаңа репо қоржынын енгізу жоспарлануда.
- II. ҚРҰБ-дан өтімділіктің қосымша аралығы жөніндегі жаңартылған ақпарат**
 1. 2019 жылғы 15 қазаннан бастап ҚҚБ күн сайын банктердің бастамасы бойынша 17-00-ден 17-30-ға дейін репо және своп операциялары арқылы ұлттық валютада өтімділікті ұсынуға және алуға мүмкіндік беретін өтімділіктің қосымша аралығын іске қосты. Бұл қосымша аралықты коммерциялық банктер негізінен теңгедегі артық өтімділікті орналастыру үшін пайдаланады. Банктер қосымша аралықты орналастырылған қаражаттың келесі күні мейлінше тезірек (11.30-да) қайтарылатынына байланысты ұнатады.
- III. ЕҚДБ-ның TONIA индекcін есептеу әдіснамасы жөніндегі презентациясы**
 1. Ұсынылғандай, TONIA индекcін есептеудің реформаланған әдіснамасы мөлшерлемелерді бөлу көлемі бойынша сараланған орталық 90%-ы негізінде оңтайлы транзакциялардың (берілген күні ҚҚБ-да жүргізілген) көлемі бойынша сараланған қысқартылған мөлшерлеме ретінде есептеледі. Келесі қадамдар қайта қаралған анықтаманы енгізуді және жариялауды қамтиды.
 2. TONIA әдіснамасы ұзақ мерзімге тиімді баға қалыптастыруды қамтамасыз етеді және банктер өздерінің «овернайт» өтімділігін басқара алатын нарықтық мөлшерлемені көрсетеді.

3. TONIA-ны операцияларда пайдаланудың ұсынылып отырған әдісі – бұл төлем күніне дейін күрделі тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені белгілеу (compounded risk-free rate setting in arrears).

IV. MMWG кездесуі барысында тараптар мына төмендегілер туралы уағдаласты

1. Ақша нарығындағы ахуалды мониторингтеуді жалғастыру және өтімділіктің қосымша аралығының, сондай-ақ ҚҚБ-да енгізілетін жаңа репо қоржынының TONIA индекcін қалыптастыруға әсерін зерделеу.
2. Барлық тараптар ішкі ақша нарығын дамытудың ағымдағы жай-күйінің олқылықтарына талдау жасайтын және ақша нарығын дамытуды қолдау жөнінде ұсынымдар беретін Ақша нарығын диагностикалау жүйесіне қатысу туралы уағдаласты.

V. MMWG кезекті отырысын өткізу туралы

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2020 жылғы мамырда Алматы қаласында өткізуге уағдаласты.
2. Келесі кездесуді өткізудің нақты мерзімі мен орны қосымша келісілетін болады.